



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 17/609

26 апреля 2019 года

## Вестник

### ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !

**Құрметті әріптестер,  
қала тұрғындары және қала қонақтары!**

Сіздерді – Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Мамырдың бірінші күндері Қазақстан аса жарқын әрі мейрімді мерекелерінің бірі – Қазақстан халықтарының бірлігі күнін тойлайды. Бұл достық, сыйластық пен ынтымақ мерекесі. Бұл 150 астам ұлт мекен-дейтін елімізде бейбіт өмір сүру үшін талап етілетін қағидалар.

Қазақстанның кең шаңырағы астында көптеген ұлт өкілдері тұрады. Осы ұлттардың әрқайсысы бірегей таптырмас қасиеттерге ие, дегенмен

Қазақстан аумағында біз – тату өмір сүретін бір халықпыз. Бірінші мамыр мерекесінің мәні де осы.

Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, бақыт пен шаттық, мол табыс тілейміз!

**Құрметпен**  
Қала әкімі **Қ.Камзин**  
Мәслихат хатшысы **Б.Сәрсембеков**

### ПОЗДРАВЛЯЕМ С ДНЁМ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА !

**Уважаемые коллеги,  
жители и гости города!**

Сердечно поздравляем Вас с праздником – Днем единства народа Казахстана!

В первых числах мая Казахстан отмечает один из самых добрых и светлых праздников – День единства народа Казахстана.

Это праздник дружбы, понимания и согласия, которые так необходимы для мирной жизни в стране, где проживают более 150 наций и народностей.

В большую семью Казахстана входят многие национальности. Каждый из этих народов уникален, но вместе на территории Казахстана они – один дружный народ. И в этом смысл первомайского праздника.

Желаем вам и вашим близким крепкого здоровья, счастья и радости, чистого и мирного неба, успехов и процветания!

**С уважением**  
Аким города **К.Камзин**  
Секретарь маслихата **Б.Сәрсембеков**



## ҚАЗАҚ ЕЛІ – ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

Көптеген ұлттар мен ұлыстардың басын бір шаңырақ астына біріктіріп, бейбітшілік пен достықтың, келісім мен ауызбіршіліктің озық үлгісін көрсетіп келе жатқан қазақ елінде 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі, достығы мерекесі ретінде жыл сайын аталып келеді. Мереке күні елімізде тату-тәтті тұрып жатқан халық көшелерге, алаңдарға шығып, бейбітшілік шеруін өткізеді. 1-мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні ретінде 1995-жылғы наурыз айында белгіленіп, дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы бар құрылым.

Өзара түсіністік, ұстамдылық, әр түрлі ұлыстар өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдеби барлық этностарға ортақ жалпыхалықтық идеялар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Нәтижесінде әрбір ұлт пен ұлыс конституциялық-құқықтық заңнама негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына үйлесімді сіңісе білді. Осындай бірлік пен ынтымақты, достық пен татулықты насихаттауды жалау етіп, өнер мен мәдениет, руханият шеңберінде қызмет етіп жүрген біздің Приозерск қаласында құрылған эзирбайжан халқының «Арзу» және славян халықтарының басын құраған «Истоқ» этно-мәдени бірлестіктері При-

озерск қаласы кітапханасының директоры Павлина Сиязбекқызы Кенжебекова басшылық ететін, қазағымыздың ұлттық құнды-

ісшараларға белсене қатысып, барлық ұлыстардың басы қосылатын ортақ мерекелерде нағыз достық пен бірліктің насихат-



лықтарын, өнері мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ұрпаққа үлгі етуді мұрат еткен «Атамұра» этно-мәдени бірлестігімен біргелікте қаламызда өтіп тұратын

шылары болып жүр.

Аталған этно-мәдени бірлестіктерінің жетекшілерімен және мүшелерімен бірнеше рет кездесіп, сұқбаттасқанбыз. Олардың

жоспарларымен, алға қойған мақсаттарымен де танысуға тура келді. Олардағы басты мақсат – қаламызда тұрып, өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлыстар мен этностардың ауызбіршілігін, достығын, бірлігін нығайтып, ата-бабадан мұра болып қалған өздерінің ұлттық өнерін, мәдениетін, салты мен дәстүрін, құндылықтарын өскелең ұрпақтың жадында жаңғыртып, солардың қолына тапсыру. Елдің бейбіт қатар ғұмыр кешуін қолдан келгенше үндеуді мұрат еткен бұл ұйымдардың атқарып жүрген игілікті істеріне тәнті боласын. «Атамұра» мен «Арзудың» мүшелері туралы бірнеше рет газет бетінде мақалалар жарияладық. Бұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады. Себебі аталған ұйымдардың жасап жүрген істері үлгі-өнеге етуге тұралық.

Биылғы жылғы Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған мәдени-көпшілік ісшаралар мен серуен, мерекелік концерт әдеттегідей қаламыздағы мерекелік алаңда аталып өтетін болады. Халықтардың ауызбірлігінің, бейбіт өмірдің жаршысы саналған ортақ мерекеге қала тұрғындары бір кісдей қатысып, мейрамның көңілді өтуіне атсалысады деп үміттенеміз. Мамырасын мамырдың басында есік қаққан бірлік пен достық мерекесі мұбарақ болсын, жерлестер!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі

### Маңызды ақпарат!!!

Кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығы шыққаннан бері өзге партиялар мен қоғамдық ұйымдардан өз үміткерлерін ұсыну науқаны басталып кеткенінен хабардар болып отырмыз. Жаңа Президентке үміткер ұсынуға арналған, Елбасы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XIX съезінде мәлім етілді. Кезектен тыс өткен съезге еліміздің

барлық аймақтарынан делегаттар, қос Палатаның депутаттары және аймақтар басшылары қатысты. Съезде сөз алған Елбасы Н.Ә.Назарбаев былай деді:

«Қазақстандықтар бүгінгі тарихи кезеңде бірлік танытады деп сенемін. Партия атынан Қасым-Жомарт Тоқаевты Президент сайлауына кандидаттыққа ұсынамыз. Қасым-Жомарт Тоқаевты Мемлекетті басқаруға әбден лайық деп есептеймін, мен оған сенемін».

Иә, «Бұл ән, бұрынғы әннен өзгереді»,

## «НҰР ОТАН» ҮМІТКЕРДІ ҰСЫНДЫ

демекші, алдағы маусым айының 9-жұлдызында өтетін кезектен тыс Президент сайлауы да бұрынғы сайлаулардан өзгеше болатыны анық. Бұл сайлауда қазақстандықтар еліміздің, халықтың болашағы үшін өз таңдауларын жасайтын болады. Енді кезекте әрбір партия, қоғамдық ұйымдар өздерінің үміткерлерін халық алдында насихаттау науқанына кірісіп кететіні сөзсіз. Осындай жауапты да, сын сағатта дүйім жұрттың да саяси сауаттылығы, белсенділігі аса қажет. Аталған сайлау «Кім сайланса да,

маған бәрібір...», деп қол қусырып қарап отыратын науқан емес. Он ойланып, бір шешім қабылдайтын, сөйтіп еліміздің тағдыры үшін өте жауапты таңдауын жасайтын өмірлік маңызы бар кезек. Кезектен тыс Президент сайлауына небәрі бір айдан астам уақыт қалды. Оған дейін біздің қаламыздың тұрғындары да өздерінің нақты таңдауын жасап, сайлауға белсене қатысады деген үміттеміз!

**Н.ҚАРАБЕКТЕГІ**





«Жастар жылы» аясында

## АУҚЫМДЫ АЯҚДОП ЖАРЫСЫ ӨТТІ

Ағымдағы жылғы сәуір айының 20-21-жұлдыздары аралығында Приозерск қаласының №1 жалпы білім беретін орта мектебінің стадионындағы көгалда «Жастар жылы» аясында ерлер командалары ара-



сында қалалық шағын футболдан жарыс болып өткенінен қала тұрғындарының біразы хабардар болса керек. Аталмыш аяқдоп жарысына қаламыздағы жасақталған командалардан өзге сырттан да қонақтар келіп, жалпы он үш команда қатысты және олар өзара сайысқа түсті. Атап айтқанда сырттан келген командалар – Мыңарал ауылынан «Жамбыл цемент» командасы және көршілес Сарышаған кентінің атынан қатысқан спортсүйер қауым болды. Спорттың ішіндегі жалпы жұртшылықтың айрықша делебесін қоздыратын футбол бәсекесі ерекше тартыспен өтті деуге болады. Жарысты жіті бақылаған қазылардың шешімі бойынша бұл футбол бәйгесінде бірінші орынды «Тұлпар» командасы қанжығасына байланды. «Сарыарқа» командасының жігіттері екінші орынға ие болып, «Қайсарлықтар»

жұлделі үшінші орынды місе тұтты. Жеңімпаз командаларға ұйымдастырушылар тағайындаған марапат қағаздары, кубоктар және арнайы естелік сыйлықтар табыс етілді.

Осы футбол жарысында ең үздік қапашы атағына Ерлан Сүлейменов ие болса, ең үздік қорғаушы, ең үздік шабуылдаушы және ең үздік ойыншы атактарға Айдос Тайжанов, Жангелді Жандосов пен Айдос Мұратовтарға лайықты деп танылды. «Жастар жылы» аясында өтетін спорттық ойындар жарысы алдағы уақыттарда да



жалғасын тапса нұр үстіне нұр болар еді. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін, адам денсаулығына пайдалы спорт шараларын ұдайы өткізіп тұрғанын осынау футбол жарысына қатысқандар да құптайтын ниеттірін білдіріп тарасты.

**НАЛТЫНБАЙҰЛЫ.**

*Суреттерде: ойыннан көріністер.*

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – РУХАНИ БАЙЛЫҚ

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы және асыл мұрасы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі де көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар аясында жұмыс жүргізуде. Атап айтатын болсақ, «Тіл мерекесі – ел мерекесі», «Тіл – тұтастық кепілі», «Тіл және ұлттық мәдениет» тағы басқа да іс-шаралар өткізілуде..

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емеспе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүйімен, өз ана тілін қалай



білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді. Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл-қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

**Приозерск қалалық кітапханасы» КММ**

### Құқықтар қорғалады

## МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ АНЫҚТАЛҒАН АҚАУЛАРЫ ҮШІН 43,6 МЛН. ТЕҢГЕ АЙЫППҮЛ САЛЫНДЫ

Мониторинг қорытындысы бойынша диагностика мен емдеудің бекітілген стандарттарын бұзуға жол берген әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушілері болып табылатын медициналық ұйымдарға қатысты айыппұл санкциялары түрінде экономикалық ықпал ету шаралары қолданылады.

Ағымдағы жылдың 2 айында Қордың Қарағанды филиалының және қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің сарапшылары стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың жұмысына мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша 43,6 млн.теңгеге экономикалық ықпал ету шараларын қабылдады. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда жол берілген бұзушылықтар саны азаюда, бұл денсаулық сақтау министрлігі, жергілікті атқарушы органдар жүргізетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту жөніндегі іс-шаралардың оң әсерін көрсетеді", – деп түсіндірді Қарағанды облысы бойынша медициналық сақтандыру Қоры филиалының директоры Фазыл Копобаев.

Бұзушылықтар құрылымында 60%-ға жуық түрлі себептерге байланысты бекітілген стандарттардан емдеу-диагностикалық іс-шаралардың ауытқуына байланысты жол берілетін ақаулар алады: өзінің

функционалдық міндеттерін тиісінше орындамау, бекітілген стандарттарды сақтау үшін Пациентті қолдау және ішкі бақылау қызметі (ПҚІБК) мен медициналық мекеме әкімшілігі тарапынан нашар бақылау.

Емханаларда көрсетілетін медициналық көмектің мониторингі мақсатында Денсаулық сақтау басқармасымен, облыстық медициналық мекемелер базасында ахуалдық орталықтармен бірлесіп, ақпараттық жүйелердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу алгоритмі әзірленуде. Ахуалдық орталықтар тұрақты негізде ақпарат жинауды және оларды талдауды жүзеге асырады, содан кейін бұл ақпарат сараптамалық бағалау үшін Қордың филиалына жіберіледі.

Осылайша, мониторинг арқылы тұрақты негізде, оның ішінде денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалана отырып, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры пациенттің сапалы медициналық көмек алу құқығын қорғауды жүзеге асырады.

**"Әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорының" Қарағанды облысы бойынша филиалы**  
+ 7 (7212) 604 483

### Цифровизация медицинских услуг

## «ЦЕНТРАЛЬНАЯ БОЛЬНИЦА Г.ПРИОЗЕРСК» - ЦИФРОВИЗАЦИЯ В СФЕРЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

Как отметил Глава государства в своем Послании народу Казахстана: **«Качество медицинских услуг является важнейшим компонентом социального самочувствия населения». И в первую очередь здесь важна доступность и качество медицинской помощи, а также вопросы профилактики заболеваний.**

Повышение качества медицинских услуг требует развития сферы электронного здравоохранения и перехода на безбумажный документооборот. И в этой области активно ведется работа, которая приносит свои плоды. С 1 января 2019 года, в рамках реализации поручения Главы государства, все поликлиники и больницы нашей области полностью перешли на безбумажное ведение медицинской документации. В частности наша «Центральная больница г.Приозерск», в рамках проекта «Безбумажная больница», отказалась от ведения бумажных медицинских карт амбулаторного пациента, также истории болезни стационарного больного и полностью перешла на электронную версию медицинской карты. Отменено 37 бумажных форм медицинской документации. Также внедрена запись на прием к врачу и вызов врача на дом через мобильное приложение **DamuMed**, что позволило минимизировать очереди и улучшить качество обслуживания пациентов. В приложении **DamuMed** по городу и поселкам Сарышаған, Тасарал пациентам можно узнать результаты анализов и исследований, назначенные лекарственные средства и препараты, существует кнопка тревожного звонка. В настоящий момент в мобильное приложение **DamuMed** от общего числа прикрепленного населения зарегистрировано 4169 человек. Также беременные женщины пользуются мобильным приложением «Моя беременность». С помощью ЭЦП наши пациенты могут воспользоваться услугами приложения **Egov**. Это:

- выдача справки из психоневрологической организации;
- выдача справки из противотуберкулезной организации;
- прикрепление к медицинской организации, оказывающей первичную медико-санитарную помощь;
- вызов врача на дом;
- запись на прием к врачу; и т.д.

В целях формирования солидарной ответственности за здоровье с вовлечением самого человека и управления хроническими неинфекционными заболеваниями, направленными на снижение заболеваемости, осложнений и смертности населения в рамках Государственной программы развития здравоохранения «Денсаулық» на 2016-2019 гг. МЗ РК проводится работа по усилению ПМСП с внедрением программ управления заболеваниями (ПУЗ), основанных на доказательной медицине. ПУЗ – это Программа, направленная на снижение затрат здравоохранения и улучшения качества жизни лиц с хроническими заболеваниями путем предотвращения или минимизации последствий заболевания с помощью интегрированной помощи. В «Центральной больнице г.Приозерск» на данный момент ведется работа по внедрению в ПУЗ, диспансерных больных с артериальной гипертензией, сахарным диабетом и хронической сердечной недостаточностью. На сегодняшний день охвачено 30% диспансерных больных. Реализовано 160 социальных контрактов для работы в ПУЗ с пациентами, состоящими на диспансерном учете.

И это только первый шаг на пути тотальной цифровизации сферы здравоохранения. Посредством цифровизации здравоохранения планируется увеличение производительности труда медицинских работников и повышение удовлетворенности населения медицинскими услугами.

-выдача справки из наркологической организации;

**КГП «Центральная больница г.Приозерск»**

ПАРА БЕРУ – БҰЛ ҚЫЛМЫС	ДАЧА ВЗЯТКИ – ЭТО ПРЕСТУПЛЕНИЕ
<p><b>АЙЫППҮЛ</b> 433 теңгеге дейін</p> <p><b>АЙЫППҮЛ</b> (433 000 теңге көлемінде)</p> <p><b>АЙЫППҮЛ</b> (параның 20 еселенген сомасы молшерінде) немесе <b>БАС ВОСТАНАПЦЫРЫНАН АЙЫРУ</b> (мүлкі тәркіленіп, 15 жылға дейінгі мерзімге)</p>	<p><b>ШТРАФ</b> до 433 теңге (в размере 433 000 теңге)</p> <p><b>ШТРАФ</b> ( в размере 20 кратной суммы взятки) либо <b>ЛИШЕНИЕ СВОБОДЫ</b> (сроком до 15 лет с конфискацией имущества)</p>
<p><b>1424 call centre</b></p> <p>СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРТЫҚ ФАКТТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒАНЫ ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУ ☎ 070 теңгеге 246 900 теңгеге дейін СОМАНЫ ҚУРАЙДЫ</p>	<p><b>1424 call centre</b></p> <p>ПОШЕРЕНЕ ЗА СООБЩЕНИЕ О ФАКТАХ КОРРУПЦИИ СОСТАВЛЯЕТ ☎ 070 теңге до 246 900 теңге</p>





## ЕКПЕ НЕ ҮШІН ҚАЗЕТ?

Әдетте, жаңа туған баланың иммунитетінде кейбі раурулар болады. Бұл ананың плаценті арқылы жаңа туған балаға жуғады және ауруға қарсы тұратын антидененің әсері болып табылады. Сөйтіп, емшектегі сәби, сүт арқылы қосымша антиденелерді алып тұрады. Бірақ мұндай иммунитет түрі уақытша ғана әсер беріп отырады.

**Вакцинация (екпе, иммунизация)** – кейбір ауруларға қарсы жасанды иммунитет құру. Ауруларды қоздыру үшін зиянсыз (акуыз молекулалар) антигендер қолданылады және олар микроағзалардың бір бөлшегі болып табылады. Микроағзалар - қызылша немесе бактериялар түріндегі вирустар болуы мүмкін. Вакцинация - екпелер қолжетімсіз болған кезде, балаларды күрделі және жұқпалы аурулардан сақтау кепілі болып табылады. Баспасөз беттерінде, вакцинациядан кейінгі, жалқы асқыну оқиғаларды әлемге паш етіп, негізсіз сынаумен айналысты. Әрине, даусыз, әрбір препараттың кері әсері де болады, оның ішінде вакциналар да бар. Дегенмен де вакцинаның кері әсері, жұқпалы аурулардың кері әсеріне қарағанда, әлдеқайда зор екенін айтуымыз керек.

Қарсы көрсетімдер абсолюттік (үнемі) және салыстырмалы (уақытша) болады. Абсо-

лютық, паротиттік (свинкаға қарсы) тірі вакциналар тыйымсалынған. Инактивациялау (өлі) вакциналарды егуді қолдануға тыйым салынбаған, бірақ, жоспарланған оңтайлы нәтижеге (иммунитетті қалыптастыруға) қолжеткізе алмайсыз.

### Салыстырмалы қарсы көрсетімдер

Салыстырмалы қарсы көрсетімдер деп екпе салғандағы иммунитетті қолдау қауқарсыздығы немесе қауіп төнгенде, уақытша күйлер деп атайды. Негұрлым көп жағдайда, салыстырмалы екпеге қарсы көрсетімдер қатарына - жоғары температурамен ерекшеленетін, қатерлі іреспираторлық вирусты қауру (ОРВИ) кіреді. Мұндай жағдайда, екпені, сауықтырғанша 1-4 аптаға дейін шегеріледі. Бала ауырынкыраса (температурасыз мұрны бітелсе), сіресе, тұмау ауруымен немесе аллергиялық мұрын бітелуімен жиі ауырса, аталған жәйттер, жоспарлы екпе салуына қарсы көрсетім бола алмайды.

Егер бала созылмалы ауруымен (сусамыр, бүйректің созылмалы аурулары) ауырса, вакциналау, тек маманмен кеңесіп алғаннан кейін ғана өткізіледі.

Егер балаға қан немесе иммундіглобулиндер құйылса, онда жоспарлы егулер 3

## МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2013 ЖЫЛҒЫ 15 СӘУІРДЕГІ № 88-V ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы 5 тараудан және 31 баптан тұрады. Осы Заң мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

### 4-бап. Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтары

1. Көрсетілетін қызметті алушылардың: 1) көрсетілетін қызметті берушіден мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда алуға;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға;

3) орталық мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шағымдануға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз және (немесе) электрондық нысанда алуға;

5) осы Заңның 15-бабында көзделген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылауларға қатысуға;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету саласында бұзылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқығы бар.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең жағдайда алады.

### 5-бап. Көрсетілетін қызметті берушілердің құқықтары мен міндеттері

1. Көрсетілетін қызметті берушілердің: 1) орталық мемлекеттік органдарға, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне мемлекеттік қызметтер көрсетуге қажетті ақпарат үшін сұрау салумен жүгінуге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартуға құқығы бар.

2. Көрсетілетін қызметті берушілер: 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге;

2) мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайлар жасауға;

3) көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнама-

сына сәйкес, орталық мемлекеттік органдарға, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне, өзге де көрсетілетін қызметті берушілерге, Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметтерді көрсету, оның ішінде ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы көрсету үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынуға;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етуге;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағдыларына үйретуге;

7) көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарын осы Заңда белгіленген мерзімдерде қарауға және оларды қарау нәтижелері туралы хабардар етуге;

8) көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар етуге;

9) көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтар мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолдануға;

10) мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелердің іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

11) мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етуге;

12) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алуға міндетті.

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметтерді алушылардан: 1) ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды;

2) Қазақстан Республикасының зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін реттейтін заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушінің салыстырып-тексеруі үшін түпнұсқалары ұсынылған құжаттардың нотариат куәландырылған көшірмелерін талап етуге жол берілмейді.

Аталған Заң бойынша туындаған сұрақтар болса Пушкин көшесі 9/2 үйде (Қазақша ғимараты) 2 этажда орналасқан Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторына немесе мына телефондар бойынша 8 (710 39) 5 40 06, 8 702 847 52 98 хабарласуларыңызға болады.

КАДИРОВА К.Р.

«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» ММ-нің басшысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЕКПЕ ЕГУ ҰЛТТЫҚ КҮНТІЗБЕСІ									
ЖАСЫ	ЕКПЕ ТҮРЛЕРІ								
	БЦЖ	ВГВ	ОПВ/ИПВ	АБКДС	Хиб	АДС-М	ККП	Пневмо	
Туылғаннан кейін 1-4 күні	+	+							
2 ай			+ (АБКДС+Хиб+ВГВ+ИПВ)						+
3 ай			+ (АБКДС+Хиб+ИПВ)						
4 ай			+ (АБКДС+Хиб+ВГВ+ИПВ)						+
12-15 ай			+	(ОПВ)			+	+	
18 ай			+ (АБКДС+Хиб+ИПВ)						
6 жас (1-сынып)	+			+			+		
16 жас						+			
Және әрбір 10 жыл сайын						+			

люттік қарсы көрсетімдер Өмірге асақауіп-қатер төніп тұрса, вакцина егуіне абсолюттік қарсы көрсетімдер қойылған. Абсолюттік қарсы көрсетімдеріне - температураың С-ғы 40 градустан асып тұрғанда және ісік немесе екпе салынған жердің 8 см төңірек мөлшерінде қызаруы, ауыр реакциясы деп саналады. Өткендегі вакцинаның сол мөлшерде тағы егуінің асқынуы. Вакцинаны егу асқынуы-анафилаксиялық сокқы реакциясы, коллапс (қысымның күрт төмендеуі), энцефалит, қалыпты температурадағы сіңір тартуы сияқты жәйттер кіреді.

Иммундік тапшылық күйлер. Иммундік тапшылық күйі- алғашқы (тұқымқуалау) және салдарлық (аурудың салдарынан, мысалы, ЖТҚА, белгілі бір дәріні қабылдау, радиоактивті сәулелену т.б.). Сондай сияқты балаларға - БЦЖ, ОПВ, АҚДС, қызылшалық, қыза-

айға шегеріледі.

Егер салмақты жақсы жинаса, шала туған балаға барлық вакциналарды егеді. Вакциналаудың барлық қарсы көрсетімдер мәселесі, дәрігермен шешіледі.

### Жалған қарсы көрсетімдер

Жалған қарсы көрсетімдер - бұл, екпе салуға негізсіз, ақталмаған қарсы көрсетімдер деп белгіленген ахуал. Оның құрамына- дисбактериоз, тимомегалия (айыршабезінің үлкеюі) кіреді, перинаталдық энцефалопатия, анемия, атопиялық дерматит пен диатез.

Т.С.Зарубеков

КМК «Приозерск қаласының орталық ауруханасы», дәрігер-эпидемиолог

## Эстафеталық сайыс

### СПОРТ – СЕНІҢ СЕРІГІҢ

2018 жылдың 10- сәуір күні «Балақай» бөбекжайында «Спорт - сенің серігің» атты эстафеталық сайыс өткізілді. Сайысқа II кіші «Күншуақ» топ тәрбиеленушілері «Сұңқар» және «Тұлпар» болып екі командаға бөлініп қатысты. Өткізілген іс-шараның басты мақсаты балалардың спорттық эстафеталық жарыстарға деген қызығушылықтарын арттыру, оларды әр-түрлі спорттық ойын түрлерімен таныстыру, тәсілдерін меңгерту, сондай-ақ, балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту және ептілік пен шапшаңдыққа жаттықтыру, салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу болатын.

Сайыс «Тез адымда», «Шебер», «Кім жылдам?», «Шегірткелер» және «Доппен секіру» кезеңдерінен құралды. Эстафеталық жарысқа Стефани мен Спорттокус кейіпкерлері келіп, ойынды балалармен өздері бірге ойнап, әр сайыста қай топ мәреге бірінші келсе, сол топтың қоржынына асық беріліп отырады.



Осы жарыста қоржынына көп асық жинаған «Сұңқар» тобы суырылып алға шықты. Жеңімпаз типтың мүшелерінің мойындарына сары түсті алқа ретіндегі медальдар тағылды. Қалған топтардың мүшелері де күміс медальдар ретіндегі алқамен марапатталды. Өткізілген іс-шара балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, жоғарғы деңгейде өтті деген сенімдеміз.

Ж.С. Косбармакова, Г.Т. Айтенобаева, «Балақай» бөбекжайының тәрбиешілері

ЖЫЛДАМ

САПАЛЫ

ЫҒАЙЛЫ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

КОЛЖЕТІМДІ

АШЫҚ

СЕНІМДІ

1414

БЫСТРО

КАЧЕСТВЕННО

УДОБНО

ЭЛЕКТРОННЫЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ УСЛУГИ

ДОСТУПНО

ПРОЗРАЧНО

НАДЕЖНО

1414



## О РАБОТЕ ПО ПРОПАГАНДЕ ПРИНЦИПОВ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ, ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИИ МЕРОПРИЯТИЙ ПО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ И ПРЕСЕЧЕНИЮ УПОТРЕБЛЕНИИ СПИРТНЫХ НАПИТКОВ И НАРКОТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ В МОЛОДЕЖНОЙ СРЕДЕ В ГОРОДЕ ПРИОЗЕРСК



По состоянию на конец отчетного периода, количество доступных спор-

тивных объектов составило 30 единиц.

На балансе отдела физической культуры и спорта состоит стадион «Родина». На данный момент подготовлена проектно-сметная документация на реконструкцию стадиона, которая находится на государственной экспертизе, в связи с чем работа по профилактике правонарушений не проводится.

Детей и подростков школьного возраста от 7 до 18 лет зарегистрировано в количестве 1839 чел., из них: освобождены от занятий по состоянию здоровья – 22 ребенка, занимаются спортом 604 детей 32,8%.

В ЦДЮТ «Достык» функционируют 11 секций. В общеобразовательных школах города функционируют 6

секций а также идет работа по привлечению детей к систематической занятиям спортом в спортивных секциях школ города.

Для привлечения населения детей и подростков к занятиям спортом на бесплатной основе для жителей района "полуостров" в здании городской больницы организован детский дворовой клуб «Кайнар», где функционируют спортивные секции такие как настольный теннис, тогыз-кумалак, тяжелая атлетика, шашки и шахматы. В данный момент проводится работа по увеличению количества занимающихся спортом.

Также, дополнительно на бесплатной основе, организовано посещение фитнес-клуба для детей и людей

с ограниченными возможностями со справкой к допуску к физическим нагрузкам.

В городе Приозерск на данный момент проживает 11 детей с девиантным поведением. В данный момент ведется работа по привлечению к занятиям спортом данных детей.

С начала года среди несовершеннолетних проведено 6 спортивно массовых мероприятий, с охватом 312 детей.

Всего дети-спортсмены города с начала 2019 года участвовали в 7 выездных соревнованиях, общим количеством 55 человек.

Н. Станкул,  
руководитель ОФКиС



### СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



### ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16  
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных \*\*\*

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Аким города Приозерск” 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Аким (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель Аким (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. \*\*\*

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов. \*\*\*

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. \*\*\*

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 \*\*\*

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов \*\*\*

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. \*\*\*

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ \*\*\* УСЛУГИ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЕ

#### ПАРИКМАХРСКАЯ “МИЛОЛИКА”

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке волос, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.  
Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107  
Время работы: с 10.00 час. до 19.00час., выходной - понедельник  
Запись по телефону: мастера-парикмахеры:  
8-775-274-25-87 (Анталей), 8-747-970-25-81 (Карлыгаш).  
На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)

### ОБЪЯВЛЕНИЕ \*\*\* НЕДВИЖИМОСТЬ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЕ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге. Возможен торг.  
г. Караганда, (город пр.Кольцевой)  
3 комн. - 120 м<sup>2</sup> Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот.  
Сарай, гараж, хоз.постройки  
Телефон для справки: 87070343737, (87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 17/609. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041  
Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.